

"Механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын, механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруден өткізудің кезеңділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 329 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 31 мамырдағы № 452 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 28 маусымда № 13841 болып тіркелді

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 50-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын, механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруден өткізудің кезеңділігін бекіту туралы» 2015 жылғы 26 наурыздағы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушысының № 329 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11333 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 24 маусымда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«Механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын, механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруден өткізу кезеңділігін бекіту туралы» ;

көрсетілген бұйрықтың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

« 1 . Б е к і т і л с і н :

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруді ұйымдастыру және жүргізу қағидалары ;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруден өткізу кезеңділігі.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап тексеруді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларында :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«Механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруді ұйымдастыру және жүргізу қағидалары»;

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«1. Осы Механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруді ұйымдастыру және жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Жол жүрісі туралы» 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 5-3) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының аумағында жол жүрісіне қатысатын және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органда тіркелген механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруді ұйымдастыру және жүргізу тәртібін айқындайды.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау-диагностикалық жабдық – механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерінің техникалық жай-күйінің параметрлерін анықтау үшін қолданылатын сынау жабдығы және өлшеу құралдары;

2) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган – жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында басшылықты өз құзыреті шегінде және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган және оның астанадағы, республикалық және облыстық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелері;

3) көліктік бақылау органы – көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органының аумақтық органдары;

4) көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган – автомобиль көлігі саласында басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

5) механикалық көлік құралының және оның тіркемелерінің иесі – механикалық көлік құралының және оның тіркемелерінің меншік иесі, сондай-ақ механикалық көлік құралының және оның тіркемелерінің шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқару құқығында не өзге де заңды негізде (жалдау құқығы, механикалық көлік құралының және оның тіркемелерінің басқару құқығына сенімхат, тиісті органның осы адамға механикалық көлік құралының және оның тіркемелерінің беру туралы өкімі) иеленетін адам. Өзінің қызметтік немесе еңбек міндеттерін орындауына орай, оның ішінде көлік құралының меншік иесімен немесе өзге де иесімен жасалған еңбек немесе азаматтық-құқықтық шарт негізінде көлік құралын басқаратын адам механикалық көлік құралының және оның тіркемелерінің иесі болып табылмайды;

б) міндетті техникалық қарап тексеруді жүргізу – міндетті техникалық қарап

тексеруге қатысушы ретінде өз құқықтарына және міндеттеріне сәйкес осы Қағидада көзделген техникалық қарап тексеруді операторы жүзеге асыратын іс-қимылдар;

7) міндетті техникалық қарап тексеруден өту – міндетті техникалық қарап тексеруге қатысушы ретінде өз құқықтарына және міндеттеріне сәйкес осы Қағидаларда көзделген механикалық көлік құралдарының және олардың тіркемелерінің иесі жүзеге асыратын іс-қимылдар;

8) техникалық қарап тексеру орталығының маманы – механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап тексеруді жүргізуді жүзеге асыратын техникалық қарап тексеру операторының қызметкері;

9) техникалық қарап тексерудің диагностикалық картасы – механикалық көлік құралы мен оның тіркемелерінің техникалық жай-күйі параметрлерінің тізбесі бар иесі және механикалық көлік құралы мен оның тіркемелері және міндетті техникалық қарап тексеру нәтижелері туралы мәліметтерді қамтитын құжат.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Көлік құралдарын міндетті техникалық қарап тексеруді жүргізуді техникалық қарап тексеру операторлары «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабымен белгіленген тәртіппен көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органға хабарламаны берген күннен бастап жүзеге асырады.»;

10-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) көрсетілетін қызметтердің түрлері мен ерекшеліктері;»;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Техникалық қарап тексеру операторы:

1) міндетті техникалық қарап-тексеруді өткізу жөніндегі жұмыстарды орындау процесінде осы Қағидаларда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарды сақтайды;

2) техникалық қарап тексеру орталықтарының өндірістік үй-жайлары мен аумағын 1811-2011 «Автоматокөлік құралдары. Міндетті техникалық қарап тексеру. Бақылау әдістері» ҚР СТ мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес сәйкестігін қамтамасыз етеді ;

3) міндетті техникалық қарап тексеруді өткізу құны және мерзімі туралы көліктік бақылау органына мәлімет ұсынады ;

4) механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап тексерудің бірыңғай ақпараттық жүйесіне міндетті техникалық қарап тексеруді жүргізу нәтижелері бойынша мәліметтерді нақты уақыт режимінде міндетті техникалық қарап тексерудің бірыңғай ақпараттық жүйесімен өзара әрекетті қамтамасыз ететін арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы ұсынады;

5) көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің деректеріне сәйкес келмейтін нөмірлік агрегаттарды (шасси, шанақ) ауыстыру, мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілері

жоқ не көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікте көрсетілгендерге сәйкес келмейтін белгілері бар, сондай-ақ оның конструкциясына, оның ішінде оның құрамдас бөліктерінің конструкциясына, жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге әсер ететін қосымша жабдықтау заттарына, қосалқы бөлшектер мен керек-жарақтарға енгізілген өзгерістері бар көлік құралдарын техникалық қарап тексеруге ұсыну фактілері туралы ішкі істер органдарына жазбаша түрде шұғыл хабарлайды.»;

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«19. Осы Қағидалардың 18-тармағында көрсетілген міндетті техникалық қарап тексеруді өткізуден бас тарту негіздері анықталған жағдайда, техникалық қарап тексеру операторы ол туралы 15 минуттың ішінде көлік құралы иесіне жазбаша түрде х а б а р л а й д ы . » ;

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«22. Арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы бақылау-диагностикалық жабдықтан алынған көлік құралын міндетті техникалық қарап тексеруді жүргізу нәтижелері жалғаспалы арна бойынша өлшенген деректерді автоматтандырылған түрде беруді қамтамасыз ететін бірыңғай цифрлы хаттама жөнінде техникалық қарап тексеру желілерін басқару жүйесінде қалыптасады.»;

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«24. Көлік құралдарының санатына байланысты көлік құралдарының тежеуіштік басқаруын тексеру мынадай роликтік тежеуіш стенділерінде жүргізіледі:

1) N3 және O4 санаттары үшін - оське түсетін барынша жүктемесі 16 тоннадан кем е м е с ;

2) M2, M3, N2, O3 санаттары үшін - оське түсетін барынша жүктемесі 10 тоннадан к е м е м е с ;

3) M1, N1, O2 санаттары үшін - оське түсетін барынша жүктемесі 2 т о н н а д а н к е м е м е с ;

4) L1, L2, L3, L4, L5, L6, L7 санаттары үшін - 1 доңғалаққа түсетін барынша салмақ 0 , 6 т о н н а ;

5) көлік құралдарының барлық санаттары үшін - оське түсетін барынша жүктемесі 16 тоннадан кем емес әмбебап роликтік тежеуіш стендісінде пайдалану кезінде.»;

29-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Көлік құралдарын міндетті техникалық қарап тексеруді жүргізудің технологиялық процесі әрбір стационарлық және ұтқыр техникалық қарап тексеру желілері үшін анықталған әдістерді және көлік құралдары мен олардың құрамдас бөліктерінің техникалық жай-күйінің Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін тексеру бірізділігін қ а м т и д ы . » ;

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«32. Міндетті техникалық қарап тексерудің негізгі кезеңі жиынтыққа қатысты

тексеруден, пайдалану қауіпсіздігінің жекелеген қасиеттерін сипаттайтын параметрлердің шекті мәндерін, жекелеген құрамдас бөліктердің тозығын (ақауларын) пайдалануда рұқсат етілген шектеулерді, жұмыс қабілеттілігі көрсеткіштерінің шекті ықтимал нашарлауын, автокөлік құралдарының конструкцияларын өзгертудің рұқсат етілген шегін шектеуді сипаттайтын нормаларды, оның ішінде:

1) тежеуішті басқаруды:
тежеуіш жүйесінің жұмыс істеу тиімділігін;
тұрақта тұру тежеуіш жүйесінің жұмыс істеу тиімділігін;
блоктауға қарсы тежеуіш жүйелері сигнализаторларының жұмыс істеуі (көлік құралының конструкциясымен көзделген жағдайда);

тежеуіш жүйелерінің элементтерінің жай-күйі және тежеуіш жетегінің тұмшалануы;

2) рульді басқаруды:
руль тетігінің және оны бекітетін карттердің, руль жетегінің, руль дөңгелегінің және руль колонкасының механикалық жай-күйі мен жұмыс істеуі;
жалпы люфтті;

3) көру:
көру өрісі;
әйнектердің жай-күйі;
артқы көру айнасының жай-күйі және бекітілуі;
әйнек тазалағыштар;
әйнек жуғыштар;

4) көру бұрыштарының саны, орналасуы, түсі, сыртқы жарық аспаптарының, шағылдандырғыштардың және электр жабдығының жай-күйі, жұмыс істеуі және сипаттамасы:

алыс және жақын жарық фарлар;
алдыңғы және артқы габариттік (бүйір) оттар, бүйір сигнал беру шамдары;
тежеуіш сигналдар;
бұрылу көрсеткіштері;
алдыңғы және артқы тұманға қарсы фаралар;
артқы жүру шамдары;
артқы нөмірлік белгіні жарықтандыру лампы;
авариялық сигнал беру (егер көлік құралының конструкциясында көзделсе);
оптикалық элементтер, оның ішінде түссіз немесе боялған бөлшектер мен пленкалар;»;

5) дөңгелектер, шиналар мен аспалар:
шиналар бұжыртабанының тозуы және зақымдалуы;
аспа элементтерінің және оларды бекіткіштердің (рессорлар, амортизаторлар, аспа иінтірегішінің, шарнир элементтерінің) механикалық жай-күйі;
доңғалақтардың дискілері мен құрсауларының жай-күйі, олар бекітілетін

элементтердің бар болуы;

б) шасси мен шассиге агрегаттар мен тораптарды бекіту элементтерінің ахуалы мен қызмет атқаруы:

түтін түтіктері мен тұншықтырғыштардың;
тіркеу құрылғыларының;
еденнің (тек автобустарға, шағын автобустарға және таксиге қатысты);
жүргізуші мен жолаушылар орындықтарының, жылыту, кондиционерлеу және желдетпе жүйесінің еңбекке қабілеттілігі, (тек автобустарға, шағын автобустарға және таксиге қатысты);

бамперлердің, шашыраудан қорғауға арналған құрылғылардың жай-күйі мен жұмыс істеуі;

7) өзге де жабдықтың:

балаларға арналған ұстау құрылғылары мен оларды бекіту орындары олардың болған кезінде, дыбыстық сигналдың, спидометрдің жай-күйін мен жұмыс істеуі;
мыналардың болуы: қауіпсіздік белдіктерінің,
өрт сөндіру құралдарының;
авариялық тоқтау белгілерінің;
алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған дәрі-дәрмек қобдишасының;

8) қоршаған ортаға әсер ететін факторлар:
пайдаланылған газдар;

жанармайдың және пайдаланылатын сұйықтықтардың ағуы (моторлық және трансмиссиялық май, тежеуіш, гидравликалық және суытатын сұйықтық);

9) арнайы және мамандандырылған көлік құралдарының «Кеден одағының «Дөңгелек көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентін қабылдау туралы» Еуразиялық экономикалық комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 877 шешімімен бекітілген «Дөңгелек көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының 018/2011 КО ТР техникалық регламентінде белгіленген қосымша талаптарға сәйкестігі;

10) раманың, шанақтың жай-күйі:
қосымша жабдықтың және түс-графикалық бейнелердің болуы;
дөңгелек базасының, габариттік және сызықтық өлшемдердің өндіруші кәсіпорынның конструктивті параметрлерінің өлшемдеріне сәйкес келуі;
кабинаның, раманың, рама жақтауының жай-күйі.»;

40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«40. Бағдарламалық-аппараттық кешен компьютерлік жабдық пен көлік құралының бекіту құралын қамтиды.

Көлік құралының тежеуіш жүйесін тексеру фото тіркелген роликтік тежеуіш стендінде қамтамасыз етіледі. Фототіркеу құралы роликтік тежеуіш стендісінде тұрған мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісін және автомобильдің алдыңғы осі немесе

тіркеменің (жартылай тіркеменің) артқы осін бір мезгілде шолумен қамтамасыз етілетін орынға орналастырылады.

Міндетті техникалық қарап тексеруді өткізудің процесі көлік құралын мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі бойынша сәйкестендіруді қамтамасыз ететін фото және бейне тіркеу құралымен тіркеледі. Бейне тіркеу құралы барлық техникалық қарап тексеру желісі шолуды қамтамасыз ететін орынға орналастырылады.

Техникалық қарап тексеру операторы көлік құралдарының міндетті техникалық қарап тексерудің және фототіркеудің барлық рәсімін күн сайынғы бейне файлы жазбасының мұрағаттық сақталуын міндетті техникалық қарап тексеру жүргізінген сәттен бастап 1 жыл ішінде қамтамасыз етеді.»;

43-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бұл жағдайда көлік құралының иесіне ақаулары көрсетіле отырып диагностикалық карта беріледі және көлік құралы иесінің талабы бойынша өлшеу құралдарын тексеру нәтижелері бойынша алынған хаттама беріледі.»;

46-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«46. Механикалық көлік құралын және оның тіркемелерін алғашқы міндетті техникалық қарап тексеру өткізілген техникалық қарап тексеру орталығында қайта техникалық қарап тексеруден өткізу кезінде техникалық қарап тексеру белгіленген критерийлерге сай болмаған және техникалық қарап тексерудің диагностикалық картасында немесе хаттамада көрсетілген позициялар бойынша ғана жүргізіледі.»;

49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«49. Егер қайта міндетті техникалық қарап тексеру жүргізу кезінде бұрын анықталған және диагностикалық картада көрсетілген, көлік құралын пайдалануға жол берілмейтін ақаулар мен шарттар жойылмағаны белгіленсе, диагностикалық карта жасалады, онда қайта міндетті техникалық қарап тексеру нәтижелері көрсетіледі.

Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар көлік құралдарын пайдалануға тыйым салатын ақаулар орын алып, жол-көлік оқиғасы болған жағдайда, көлік құралдарын міндетті техникалық қарап тексеруге қайта жібереді.»;

50-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Көлік құралының меншік иесі және (немесе) мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі өзгерген жағдайда көлік құралын тіркеу орны бойынша жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы жаңа куәлікті және (немесе) мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісін беру кезінде диагностикалық картаға және міндетті техникалық қарап тексерудің бірыңғай ақпараттық жүйесі тиісті өзгерістерді енгізуді жүргізеді.»;

Қағидаларға қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап тексеруден өткізудің кезеңділігі осы бұйрыққа

2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (Ә. А. Асаубаев):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрі
Ә. Исекешев

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
Қ. Бишімбаев
2016 жылғы «__» _____

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
Қ. Қасымов
2016 жылғы «__» _____

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрінің

2016 жылғы 31 мамырдағы

№ 452 бұйрығына

1-қосымша

Механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларына, механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруден өткізу кезеңділігіне қосымша

№ ____ техникалық қарап-тексерудің диагностикалық картасы
Certificate of periodic technical inspection

Беткі жағы

Техникалық қарап-тексеру операторы (оператордың атауы мен мекенжайы):					
Бастапқы тексеру		Қайталап тексеру		Диагностикаланатын көлік құралының фотосуреті	
Мемлекеттік тіркеу нөмірінің белгісі:					
Көлік құралының иесі					
Сәйкестендіру нөмірі (VIN):					
Маркасы, моделі:					
Шығарылған жылы:					
Көлік құралын тіркеу туралы куәлігі (сериясы, нөмірі):					
Шанақ нөмірі:					
Рама нөмірі:					
Қозғалтқыш нөмірі:					
Көлік құралының санаты:					
№	Тексерілетін параметрлері және қойылатын талаптар	№	Тексерілетін параметрлері және қойылатын талаптар	№	Тексерілетін параметрлері және қойылатын талаптар
	I. Тежегіш жүйелері	15	Жүргізуші жағынан әйнек тазалағышпен әйнектің жартысын тазалау аймағында желқағар әйнекте жарықшақтың болмауы	29	Отын ағуының және пайдалану сұйықтықтарының тамшылауының болмауы
1		16	Белгіленген талаптарға сәйкес артқы көрініс	30	Газбен жұмыс істейтін көлік құралдарының тұтқырлық жүйесінің бұзылуларының

	Жұмыс тежегіш жүйесі іс-қимылының тиімділігі көрсеткіштерінің сәйкестігі		айнасының болуы және жай-күйі		болмауы. Газ баллондарының белгіленген талаптарға сәйкестігі		
2	Тежегіш күштер айырмашылықтарының белгіленген талаптарға сәйкестігі	IV. Сыртқы жарықтық аспаптары		VII. Конструкцияның басқа элементтері			
3	Тұрудағы тежегіш жүйесі іс-қимылдарының тиімділігі көрсеткіштерінің сәйкестігі	17	Конструкцияда көзделген орындарда фарлардың, сигнал фонарларының болуы және орналасуы	31	Дыбыстық сигнал беру аспабының жұмыс істеу қабілеттілігінің болуы		
4	Бұғаттауға қарсы тежегіш жүйелері сигнал бергішінің жұмыс істеуі	18	Фарлардың және сигналдық фонарлардың жай-күйі, жұмыс істеу қабілеттілігі және жұмыс режимі	32	Бір осьтік тіркемелерде (тарқатуды қоспағанда) және жұмыс тежегіш жүйелермен жабдықталмаған тіркемелерде жұмыс істеуге қабілетті сақтандырғыш керек-шарақтардың болуы		
5	Тежегіш жетегі тұтқырлығының бұзылуының, қысым түскен тежегіш шлангтердің ісінуінің, жарықшақтардың, ысқыланған жерлердің, тұтқырлығының жоғалуына немесе қирау қаупін төндіретін тотығудың болмауы	19	Реттеу бұрыштары мен фарлар жарығы күшінің қойылатын талаптарға сәйкестігі	33	Автоматты құлыптың, ершікті-ілініс құрылғысының қолдық және автоматтық бұғаттауының жұмыс істеу қабілеттілігі. Ілініс құрылғысының жарықшақтарының және көрінетін бұзылуының болмауы		
6	Тежегіш сұйықтықтарының ағуының болмауы	20	Жарық аспаптары шашыратқыштарының, оптикалық элементтер, оның ішінде түссіз немесе боялған бөлшектер мен пленкалар бұзылулары мен жарықшақтарының болмауы	34	Көлік құралын жарамды қауіпсіздік белбеулермен жарақтау		
II. Рулдік басқару		V. Шиналар, доңғалақтар және аспалар		35	Тұншықтырғыштардың және түгін түгіктерінің болуы		
7	Рулдік басқаруда шекті мәндерден жиынтық люфтың артуының болмауы	21	Шина бұжыртабандары суретінің биіктігінің белгіленген талаптарға сәйкестігі	36	Спидометрдің жұмыс істеу қабілеттілігі		
8	Рулдік басқару күшейткіші бар рулдік доңғалақтың бейтарап жағдайдан өздігінен бұрылуының болмауы	22	Кордты жалаңаштайтын бұжыртабанның жергілікті ажырауының және шинаның жергілікті зақымдануларының (тесілуі, кесілуі, жыртылуы) болмауы	37	Бамперларының және доңғалақ үстінің ластанудан қорғау құрылғыларының болуы және жай-күйі		
					Салон еденінде жарықшақтардың болмауы,		

9	Рулдік бағанның және рулдік механизм қартерінің бекіту бөлшектерінің зақымдануының болмауы және толық жиынтығы	23	Доңғалақ дискілері мен құрсаулары бекітпесінің барлық бұрандамалары мен сомындарынның болуы	38	орындықтардың сенімді бекітілуі, автобустарда, шағын автобустарда және таксиде орындықтарды, жылыту, желдетпе жүйесін реттеу механизмдерінің және бекітпелерінің жұмыс істеуге қабілеттілігі	
10	Қалдық түрлену іздерінің, рулдік механизмде және рулдік жетекте жарықшақтар мен басқа да ақаулардың болмауы	24	Доңғалақ дискілері мен құрсауларында жарықшақтың болмауы	39	Балаларға арналған ұстау құрылғылары мен оларды бекіту орындарының жай-күйі мен жұмыс істеуі. Белгіленген талаптарға сәйкес келетін авариялық аялдау белгісінің, өртсөндіргіштердің және медициналық қобдишаның болуы	
III. Көрініс		25	Белгіленген талаптарға сәйкес көлік құралына шиналарды орнату	40	Мамандандырылған және арнайы көлік құралдарының «Дөңгелек көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы» Кеден одағынның техникалық регламентін қабылдау туралы» Еуразиялық экономикалық комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 877 шешімімен бекітілген «Дөңгелек көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының 018 /2011 КО ТР техникалық регламентте белгіленген қосымша талаптарға сәйкестігі	
11	Желқағар әйнектің әйнек тазалағыштарының болуы және жұмыс істеу қабілеттілігі	26	Аспа түйіндері мен бөлшектерінің жай-күйі, сондай-ақ олар бекітілетін орындарда қозғалыстың (конструкциямен көзделмеген) және лифтердің болмауы	XIII. Рама, шанақ жай-күйі		
12	Желқағар әйнектің әйнек жуғыштары форсункаларының болуы және әйнек жуу аймағына сұйықтық беруді қамтамасыз етуі	VI. Қозғалтқыш және оның жүйелері		41	Қосымша жабдық және түс-графикалық бейнелердің болуы	
	Жүргізуші орнынан көріністі шектейтін қосымша заттардың немесе жамылғылардың болмауы.		Көлік құралдарының пайдаланылған газдарындағы		Доңғалақ базасының, габариттік және ұзындық өлшемдерінің өндіруші	

13	Желқағар әйнектің жоғарғы бөлігіндегі пленка жолағының белгіленген талаптарға сәйкестігі	27	ластандырғыш заттардың белгіленген талаптарға сәйкестігі	42	кәсіпорынның конструктивті параметрлерінің өлшемдеріне сәйкес келуі		
14	Желқағар әйнектің, алдыңғы бүйірлік әйнектің және алдыңғы есіктер әйнегінің жарық өткізу нормасына сәйкестігі	28	Пайдаланылған газдардың түтіндегіштігінің шекті рұқсат етілген деңгейінің белгіленген талаптарға сәйкестігі	43	Кабинаның, раманың, рама жақтауының жай-күйі		

Екінші жағы

Диагностикалау нәтижелері				
Сәйкессіздік анықталған параметрлерді тексеру				Диагностикалық карта тармағы
Төменгі шекара	Тексеру нәтижесі	Жоғарғы шекара	Параметр атауы	
Сәйкессіздік анықталған параметрлерді көзбен шолып тексеру				
Тексеру заттары (торап, бөлшек, агрегат)		Талаптарға сәйкессіздік мазмұны		
Көлік құралының деректері				
Жүктемесіз масса:		Рұқсат етілген ең көп масса:		
Отын түрі:		Жүрісі:		
Жол қауіпсіздігі талаптарына сәйкестілік /сәйкессіздік туралы қорытынды (қажет емесі сызып тасталсын)		с ә й к е с m a t c h e s	к е л е д і	с ә й к е с d o e s n o t m a t c h к е л м е й д і
Қайталап тексеруді талап ететін диагностикалық карта тармақтары:				
Диагностикалық картаның берілген күні: 20__ ж. «__» _____		Техникалық сарапшының Т.А.Ә. (ол болған жағдайда):		Қолы:
Келесі міндетті техникалық қарап тексеруден өту мерзімі: 20__ ж. «__» _____				

Көлік құралы иесінің және (немесе) мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісінің өзгеруі	Көлік құралының иесі:	МО _____
	Мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі:	Күні _____

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Инвестициялар және даму министрінің
2016 жылғы 31 мамырдағы
№ 452 бұйрығына
2-қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушының
2015 жылғы 26 наурыздағы
№ 329 бұйрығына
2-қосымша

Механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруден өткізу кезеңділігі

1. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органда тіркелген механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеру техникалық қарап-тексеру орталықтарында мынадай кезеңділікпен жүргізіледі:

1) әрбір 12 ай сайын – шығарылған жылын қоса алғанда, жасы 7 жылдан асатын, автомобиль көлігі саласындағы кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын М1 санаттағы, N1-3, O1-4, L1-7, G, сондай-ақ қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған және жабдықталған арнайы және мамандандырылған көлік құралдары;

2) әрбір алты ай сайын – автомобиль көлігі саласындағы кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын М1 санаттағы, адамдарды тасымалдау үшін жабдықталған М2, М3, N, сондай-ақ қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған және жабдықталған М1, N1-3, и O1-4 с а н а т т а ғ ы .

2. Механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерінің бұдан кейінгі міндетті техникалық қарап-тексеруден өту мерзімі белгіленген кезеңділікке сәйкес бастапқы міндетті техникалық қарап-тексеруден өту күнінен бастап есептеледі.

3. М1 санатындағы көлік құралдары, егер бір жолаушы шартты массасына (75 кг) жолаушылар саны конструкциясында көзделген көбейтіндісі жолаушылармен бір мезгілде тасымалданатын жүктің есептік массасынан аспаса, N санатына белгіленген кезеңділікке сәйкес міндетті техникалық қарап-тексеруден өтеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК